

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ыңғыз – Торғай мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағын кеңейтудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 858 қаулысы

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ерекше қорғауды қажет ететін Қазақстанның бірегей табиғи объектілері ретінде Ақтөбе облысының флорасы мен фаунасының бағалы түрлерін, экологиялық жүйелерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы Үргыз ауданының аумағындағы жалпы ауданы 409962,0 гектар босалқы жерлер "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Үргыз - Торғай мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мекеме) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрақты жер пайдалануға берілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер участелері босалқы жерлер санатынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатына ауыстырылсын.

3. Актөбе облысының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы аймақ шегінде экологиялық жүйелердің, жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым салумен және (немесе) шектеумен мекеме жерлерінің төңірегінде күзет аймағын белгілесін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.  
Қазақстан Республикасының Б. Сагыншев

Казакстан Республикасы

Cian P. Celly et al.

2016 науке 27 жалтоңсыздағы

№858 кандидата

330 *Каулис*

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Босалқы жерлер	409962,0	388325,3	388325,3	21636,7	277,9	618,8	17730,4	3009,6
	Жиыны:	409962,0	388325,3	388325,3	21636,7	277,9	618,8	17730,4	3009,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК